

## ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚАТАР ДИПЛОМАТИЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕУЕТІ

### Аңдатпа

Аталмыш мақала әлеуметтік медиа құралдардың қазіргі заманғы дипломатиялық қызметтегі рөлі мен ғаламат мүмкіндіктеріне арналған. Сонымен бірге, Қатар Мемлекетінің осы саладағы заман ағымымен үзеңгілес мамандарды даярлау талпаныстары жөнінде әңгіме қозғалады.

*Тірек сөздер:* әлеуметтік медиа құралдар, әлеуметтік желілер, мамандар дайындау.

### Аннотация

Статья посвящена современной роли социальных СМИ в дипломатической деятельности, а также их необычайным возможностям. Кроме того, в ней рассказывается о стремлении Государства Катар к подготовке передовых кадров в данной сфере.

*Ключевые слова:* социальные СМИ, социальные сети, подготовка кадров.

### Abstract

Article is devoted to the role of modern-day social media in diplomatic activity, as well as their extraordinary abilities. In addition, it describes the desire of the State of Qatar in the preparation of foremost trained national personnel in this area.

*Keywords:* social media, social networking, training.

Әлем картасынан бір көргеннен табыла қоймайтын Қатар Мемлекеті қазіргі уақытта көпшілікке танымал, халықаралық саясаттағы беделі зор, әлемдік экономикадағы ықпалы бекем елге айналып отыр.

«Кішінің күші мүшкіл, аздың айбыны әлсіз» деген түсінікпен келіспей келген жер көлемі кішкентай, халқы аз Қатар Мемлекеті өз алдына айбынды мақсат қойып, оған қол жеткізе білді, ол – аймақтағы экономикалық, саяси және гуманитарлық үдерістерде қатарының алды болу.

«Аңдап басқан жаңылмас» – деген қағиданы басшылық еткен Қатар Мемлекеті бірінші кезекте өзінің экономикалық әл-ауқатын арттыруға бар жігерін салып, әлем алпауыттарымен толық игеріліп үлгермеген газ нарығында өзінің тауашасын үздік таба білді. Қазіргі таңда табиғи сұйытылған газ өнімдерін өндіруден әлемдік көшбасшылықты иеленген түбек магнаты жаңа заманның болашағы білім мен ғылымда, технологиялар мен инновациялық әдістерде екенін жете ұғынып, өзінің осы салалардағы әлеуетін жедел іздестіре бастады. Әртараптандырылған экономика елдің әл-ауқаттылығының кепілі екенін мойындаған Қатар басшылығы елге қазіргі заманғы технологияларды тартуға, экономикалық дамудың инновациялық жолдарын игеруге білек сыбана кірісті. Сабдарлы мемлекеттік саясаттың арқасында Қатар Мемлекетінің жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімі 100 мың АҚШ долларынан асып, қазіргі уақытта қатарлықтар әлемнің ең бай халықтарының бірінен саналып отыр [1].

Әл-ауқаты бекемдене түскен Қатар Мемлекеті ендігі кезекте өзін әлемдік қоғамдастықтың жауапты әрі сенімді мүшесі ретінде танытуға, Араб әлемінің саяси үдерістерінің белсенді қатысушысына айналуға бел буынып, өзінің төл дипломатиялық саладағы тәжірибесін жинақтай бастады.

Осы ретте, Қатар Мемлекетінің Сыртқы істер министрлігі алдында дипломатиялық салада заман ағымымен үзеңгілес бола алатын үздік кадрларды даярлау, дәйекті дипломаттарды дайындау, біліктілігі жоғары сыртқы саясат мамандарын тәрбиелеп өсіру тапсырмасы тұрды. Шетелдің көрнекті оқу орындарында төл дипломатиялық қызметкерлерді мақсатты түрде әр түрлі тағылымдалардан өткізумен қоса, болу елінің сыртқы саяси ведомствосы 2011 жылдың соңында Қатар Мемлекеті Сыртқы істер министрлігі жанынан Дипломатия институтын ашып, бір жылдан соң алғашқы түлектерін дипломатиялық қызмет сапына қосты. Институт бағдарламасы жылдан-жылға кеңейіп, оның ғылыми-методологиялық базасы мен дайындық бағыттары әртараптана түсті.

Қатар басшылығы өзгелер үшін «бәлекей» (көрінетін) мемлекеттің» білдей сыртқы саяси мақсаттары мен бастамаларын көпшілікке барынша танымал ету, түбек елінің сындарлы

сыртқы саяси ұстанымдарын, халықаралық саясаттың күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша көзқарастарын, жауапты да сенімді әлемдік қоғамдастық мүшесі ретіндегі игілікті халықаралық әрекеттерін қарапайым көпшіліктің түсінігіне жеткізудің аса тиімді жолдары мен тәсілдерін іздестірумен дал болды.

Осы тұрғыда Қатар Мемлекеті әлеуметтік медиа құралдарының зор әлеуетіне ерекше мән бере бастады және оларды Қатар дипломатиясында тиімді пайдалана алатын, соңғы заманауи жетістіктерді ел мүддесіне оңтайлы түрде қолдана алатын «әлеуметтік дипломатия» мамандарын даярлау мәселесін өзектілікке қойды.

Болу елінің осы бір әрекетін орынды да салиқалы деуге толық негіз бар. Әлеуметтік медиа, оның ішінде, әсіресе «Facebook», «Twitter», «Wikipedia» сияқты әлеуметтік желілер мен байланыс құралдары халық арасында қазіргі таңда аса жоғары танымалдыққа ие. Көпшіліктің санасын жаулаған, адамзаттың бір уақытта бағы мен сорына айналған виртуалды әлемнің ғаламат мүмкіндіктері таң қалдырарлық.

Сандардың тілімен негіздейтін болсақ, 2004 жылы пайда болған әйгілі «Facebook» әлеуметтік желісінде тіркелгендер саны 2013 жылдың соңында 1,23 млрд. адамды құраған [2]. Жер шарында қазіргі таңда 7,21 млрд. адам тұратынын ескерсек [3], әрбір 6-шы адам аталмыш әлеуметтік желіде екендігін байқатады. Оның 945 миллионы айына кем дегенде бір рет, ал 757 миллионы күн сайын желіде өз белсенділігін танытып отырады.

«Twitter» желісіне көз жүгіртсек, оның 230 миллион белсенді қолданушылары бар және олардың 76%-ы осы желіге арнайы жер талғамастан, ұялы телефондары арқылы кіріп, ақпарат алмаса береді.

2005 жылдан бері көпшіліктің әмбебап тақырыптарда жетімді ақпаратпен сусындайтын медиа құралына айналған «YouTube» желісі де аптасына 100 миллионға жуық адамдардың назарын аулауда.

Оған қоса аталмыш желілердің өзара әрекеттестігі де күн санап артып келеді. Мысалға, «Twitter» желісінде минутына «YouTube» кеңістігіндегі алуан түрлі видео-материалдарға сілтемелер қамтылған 500-ге жуық твиттар («хабарламалар») таратылады. Ал, «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы бір күнде көрілетін «YouTube» материалдарының ұзақтығын бір үздіксіз уақыт мерзіміне тізетін болсақ, 500 жылды құрайтыны тәнті етерлік ақиқат [4].

Халықтың осы бір әлеуметтік желілерге ерекше ұйып, еліктіргіш ықпалына енуі, әлеуметтік БАҚ-тарды қазіргі заманның ең күшті құралдарына айналдырып отыр. «Әл-Джазира» әйгілі халықаралық арнасының отаны болып табылған, медиа әлемінде үлкен жетістіктерге жеткен Қатар Мемлекеті әлеуметтік көпшілікті солардың тілімен ғана, яғни әлеуметтік медиа арқылы толығымен баурай алатындығын жете ұғынған тәріздес.

Болу елінің сыртқы саяси ведомствосы бұл жаңа әлеуметтік үрдісті отандық дипломатияда да тиімді пайдалануға тырысып бағуда. «Цифрлы дипломатия», «Әлеуметтік дипломатия», «XXI ғасыр дипломатиясы» деп атай бастаған осы бағыттағы білікті мамандарды дайындау қажеттігі ҚМ Сыртқы істер министрлігінің стратегиялық жоспарында да сарынын тапты.

Қазіргі таңда дамыған индустриалды мемлекеттер үшін өзге елдермен қарым-қатынастарын жан-жақты бағыттарда қарқынды өрбітуге дәстүрлі дипломатиялық әдіс-тәсілдерді ғана қолдану жеткіліксіз. Бұрынғыдай тек ресми билік деңгейінде хат-хабар алмасып, «жеті бүркемнің астынан» қарым-қатынастық мәселелерді шешу әрекеттері, яғни қарапайым халықтан ажыратылған дипломатияны жалғастыру жаһандық заманда ұзақ мерзімді мүдделерді ілгерілетуге тиімсіз болып отыр. Сарапшылар үкіметтердің үнемі өзгеріссіз тұра бермейтіндігін, билеуші режимдердің мәңгі еместігін, ал көшбасшылар өздерінің тарихи борыштарын орындаған соң ауысып отыратынына назар аудара отырып, тұрақтылық сипат тек халыққа ғана тән екендігін жар салуда. Сол себепті, халықпен жақындасу мүмкіндігін беретін «Әлеуметтік дипломатияның» ұзақ мерзімдік стратегиялық қару ретінде таныла бастауы заңдылық.

Әлеуметтік желілерден бас тарту, халықты естуден, онымен тілдесуден бас тартумен пар-пар. Желілердің көмегімен үкіметтер қарапайым халыққа өзінің сыртқы саясатын баяндауға, өзекті халықаралық мәселелер бойынша ұстанымын жеткізуге, бұрмаланған ой-пікірлерді түзетуге, негізсіз сыбыстар мен өсектердің алдын алуға, халықтың әр түрлі мәселелер бойынша ой-пікірін, сол уақыттағы райы мен көңіл қоштығын білуге мүмкіндік алады. Әлемдегі халықтың әрбір алтыншысын қамтыған әлеуметтік желілерде сыртқы саяси ведомствоның ақпараттық-имидждік мүмкіндіктері еселене түседі.

Қатар Мемлекеті осы саладағы алдыңғы қатарлы тәжірибені Батыс әлемінен алуды жөн көріп, өздерінің үміт артатын мамандарын солардың беделді оқу орындарына жіберуді қалыпты жағдайға айналдырған. Сонымен бірге, шетелдік сыртқы саяси ведомстволармен тәжірибе

алмасу мақсатында дипломатилық қызметкерлерді «Әлеуметтік дипломатияны» кеңінен қолдануға кіріскен АҚШ және Еуропа елдеріне арнайы тағылымдамалық мақсаттармен жолдап отырады.

«Әлеуметтік дипломаттар» сапын Қатар Мемлекетінің Сыртқы істер министрлігі кейінірек Дипломатия институтында өздері іспеттес жаһандық ой-өрісі кең, заманауи өресі жоғары жаңа буын қалыптастыруға қоспақ. Бұл игілікті мақсаттың қаншалықты тез арада жүзеге асатындығы Қатар Мемлекетінің күш-жігері мен алғырлық белсенділігіне тікелей байланысты болмақ.

Әлеуметтік медиа құралдардың қазақстандық дипломатияда да әлеуеті зор деуге болады. Соңғы зерттеулерге жүгінсек, Қазақстанда компьютерлік сауаты бар халықтың 64%-ы әлеуметтік желілерді пайдаланушылар болып саналады [5]. Сондықтан, сыртқы саяси үдерістерді, ондағы Қазақстанның орны мен рөлі жөнінде қызықтайтын өскелең ұрпаққа дұрыс ақпарат беруде, олардың объективті ой-өрісін қалыптастыруда, отандық дипломатияның жетістіктері негізінде патриоттық рухта тәрбие жүргізуде «XXI ғасыр дипломатиясының» әлеуеті зор екені сөзсіз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 *«World Economic Outlook Database» атты сараптамалық шолу баяндамасы, Халықаралық Валюта қоры, 2013 жылғы 8 қазан.*
- 2 *«Facebook» ресми сайтының соңғы ақпараты (<https://newsroom.fb.com/key-Facts>).*
- 3 *БҰҰ Хатшылығы жанындағы Халық санағы бөлімінің 2014 жылдың ақпан жағдайындағы статистикалық мәліметі.*
- 4 *«Social Media: How can they be beneficial to Qatar Diplomacy» мақаласы, «Al Diplomacy» атты №8 мерзімді басылымы, ҚМ Сыртқы істер министрлігі, 10–13 беттер.*
- 5 *Павел Ким, «Рейтинг социальных сетей в Казахстане» атты мақаласы, «Iport.kz» электрондық басылымы, 2 шілде 2013 жыл (<http://iport.kz/blog/kaznet/437.html>)*